








«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯСЫ
БІЗГЕ 30 жыл
1994-2024


# ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru
№56 (3685)
26 шілде 2024

ZANMEDIA.KZ
Қоғамдық-саяси, құқықтық газет


● БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ОРТА БИЗНЕС ӨРГЕ БАСПАЙ ТҰР



**Қазақстанның жаңа даму моделін қалыптастыру жағдайында негізгі басымдықтың бірі – ашық және өзін-өзі қамтамасыз ететін нарықтық экономика құру. Бұл орайда шағын бизнесті дамыту негізгі драйвер болуы тиіс. Ресми статистикаға сүйенсек, соңғы 5 жылда Қазақстанда ШОБ үлесінің жалпы ішкі өнімде тұрақты өсімі байқалады. Ұлттық экономика министрлігінің мәліметінше, 2019–2024 жылдар аралығында қазақстандық шағын және орта бизнестің экономикаға қатысуы 31,7 пайыздан 36,4 пайызға дейін өсті. Жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны 2023 жылы 23,8 пайызға өсіп, 4,2 млн адамға жетті.**

*(Соңы 3-бетте)*

● ЖАҢА ЗАҢ

## ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ТІРЕГІ – ЗАҢ

**Құқықтық мемлекеттің тірегі – заң. Содан болар әйгілі ағылшын жазушысы Уильям Шекспир «Заңның мәні – адамгершілік» дейді. Расында заң әділдікке, теңдікке, туралыққа негізделгенімен, оның түп тамыры адамгершілікпен өзектес. Өйткені, заңның өзі адамның құқығы мен бостандығын қорғап, мүддесін таптатпау үшін қабылданады. Ал сол заңдар пәрменді болып, құқықтық мемлекеттің темірқазығына айналсын десек, данышпан Марк Цицерон айтқандай «Біз заңдардың құлы болуымыз керек». Заңның мықтылығы, заңның құдіреті осында.**



**Нұржан Қарабаев,**
**Алматы қалалық сотының судьясы**

2024 жылдың 15 сәуірінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарына қол қойды. Екеуі де бүгінгі күн талабынан туындаған, қоғамның қажеттілігіне сай дайындалған маңызды құжат.

Бұл заң нормасы ресми жарияланған күннен кейін 60 күн өткен соң, яғни 2024 жылдың 15 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді. Заң қолданысқа енгізілген уақыттан тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмыстық теріс қылық ретінде қарастырылып келеді. Бүгінде республика соттары жаңа заңға сүйене отырып алғашқы істерін қарап, бастапқы тәжірибелерін жинақтауда.

Жалпы, жаңа заңның қабылдануына орай, 15 заңнамалық актіге, оның ішінде жеті кодекске және сегіз заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мысалы, бұған дейін тұрмыстық зорлық-зомбылыққа Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс бойынша жауаптылық белгіленіп келген еді. Отбасының тыныштығын бұзып, жақындарына зәбір көрсеткендер ӘҚБтК-нің 73-1, 73-2 баптарымен әкімшілік жауапкершілікке тартылатын. Ал жаңа заңға сай бұл баптар ӘҚБтК-ден алынып, қылмыстық жауапкершілікке ауыстырылды. Осылайша Қылмыстық кодекс жаңа 108-1 және 109-1 баптарымен толықтырылды. Қылмыстық кодекске енгізілген 108-1-бабына сай «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіргендер» 200 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл арқалап не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылып, не 50 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алынуы мүмкін. Осы әрекет екі немесе одан да көп адамға қатысты; адамның қызметтік жұмысын жүзеге асыруына немесе кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты осы адамға немесе оның жақындарына қатысты; аса қатыгездікпен, сол сияқты кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі не кінәлі адамға материалдық жағынан немесе өзгеше түрде тәуелді адамға қатысты жасалған жағдайда бұдан да жоғары жауаптылық белгіленеді.

Ал, жәбірленушіні ұрып-соққаны үшін Қылмыстық кодекстің 109-1-бабымен жауапқа тартылғандар 80 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл арқалап не сол мөлшерде түзеу жұмысына, не 80 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылуы, не 25 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алынуы заңмен қарастырылып отыр.

*(Соңы 2-бетте)*

●СҰХБАТ

**Әлия АҚТЫМБАЕВА,**
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ География және табиғатты пайдалану факультетінің деканы:*

## «ЭКОЛОГИЯНЫ САҚТАУҒА ӘРКІМ ӨЗ ҮЛЕСІН ҚОСУЫ КЕРЕК»

***– Әлия Сағындыққызы, су тапшылығын жою, суды үнемдеу бүгінде ғаламдық мәселеге айналды. Ал осы түйткілді реттеу үшін дайындалған жаңа оқу бағдарламасының ерекшелігі неде?***

– Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде География және су қауіпсіздігі институтымен бірлескен «Су дипломатиясы» мамандығы ашылды. Оның Қазақстанда, сондай-ақ Орталық Азияда енгізілген алғашқы әрі бірегей білім беру бағдарламасы су мәселелерін шешуде және тұрақты халықаралық қатынастарды құруда сарапшы болу мүмкіндігін береді. Бағдарлама су ресурстары мен экологиялық мәселелерді терең түсініп, суды пайдалану саласындағы келіссөздердің әдістері мен тәсілдерін меңгеруге, халықаралық ынтымақтастықты дамыту және нақты жобаларға қатысу тәжірибесін жетілдіруге ықпал етеді. Мұнда білім алушылар әлемнің жетекші сарапшылары мен білікті мамандарының дәрістерін тыңдап, АҚШ-тың Орегон университетінде бір семестр оқып, тағылымдамадан өте алады. Бағдарлама шеңберінде дайындалған бәсекеге қабілетті кадрлар жұмысы су дипломатиясы саласында даулы мәселелер, қақтығыстар немесе мемлекеттер арасындағы шиеленістің ықтимал себептері туындаған кезде су ресурстарын басқару мен пайдалануға қатысты елдер арасындағы бейбіт қатынастарды қолдауға бағытталатын болады.

XXI ғасырда әлемдегі ең маңызды стратегиялық ресурсқа айналып отырған су саласы бойынша Орталық Азияда су дипломатиясын дамыту аймақтық қана емес, әлемде де ерекше маңызға ие. Заман талабына сай жаңа білім бағдарламасына болашақ дипломаттар мен мемлекеттік қызметкерлер, экология және қоршаған ортаны басқару саласындағы мамандар, халықаралық қатынастар саласындағы заңгерлер мен сарапшылар, жаһандық тұрақтылықты дамытуға өз үлесін қосқысы келетін кез келген маман құжат тапсыра алады. Оның бағыты – Ғылыми-педагогикалық магистратура. Оқу мерзімі – 2 жыл.

***– Оның ҚазҰУ-да және өзіңіз жетекшілік етіп отырған География және табиғатты пайдалану факультетінде ашылуының құпиясы неде?***

– «Су дипломатиясы» бағдарламасымен біз 2 жылдан бері айналысып келеміз. География және су қауіпсіздігі институтымен қатар, ЮСАИД, ЮНЕСКО, Орталық Азияның аймақтық экологиялық орталығы сияқ ты түрлі халықаралық серіктестерімізбен бірлесіп әртүрлі іс-шараларды жүзеге асырудамыз. Онда бұл оқу бағдарламасының қажеттілігін көптеген жиындарда айтып, өзіміз жасаған оқу жоспарын да көрсеттік. Орталық Азияның барлық жоғары оқу орындары да бұл жоспармен келісіп отыр. Бағдарлама қазір әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да болғанымен, келесі жылы Орталық Азияның ЖОО-да мамандарды бірге дайындау үшін оны халықаралық деңгейге шығаруды жоспарлап отырмыз. Бұл жоспарға сәйкес, бізге 5 мемлекеттен магистранттар келіп оқитын болады. Бірақ олардың модульдері әртүрлі болады. Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстаннан келген магистранттар біздегі су шаруашылығы жүйесінің жұмысымен танысады, ал біздің магистранттар аталған мемлекеттерде оқиды. Өйткені, Орталық Азия елдері су мәселесін бірігіп шешпесе, ешқандай нәтиже болмайды.

*(Соңы 5-бетте)*

ӨЗГЕРІСТЕРДЕН ҚОРҒАЛҒАН

## ТАРАТУ

2. «ТрансОйл» СК» Жамбыл филиалы (БСН 011241004277) 2024 жылдың 1 тамызынан бастап өзінің қызметін тоқтататыны туралы хабарлайды. Талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Тараз қаласы, Қазыбек би көшесі, 179 үй, 3 пәтер, тел. 87262456747.

10. ТОО «Кеменгер 007» ЖШС, БСН 230940035666, Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Ербол Сыпатаев көшесі, 79 үй, пошта индексі 041300) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Жібек жолы, 34 үй, 12 пәтер, тел. 87017707101, 87762060909.

11. «Бақдәулет-К» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі, БСН 161140019543, 120301, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Әбдіғаппар ауылы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 24 үй, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады:
Пошта индексі: 120301, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Әбдіғаппар ауылы, Шайхслам көшесі, 28 үй, тел. 87028719888.

13. Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі «ҚАБЫРШАҚТЫ КБГ», БСН 150840015998, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Ақжайық ауданы, Қабыршақты ауылы, көшесі Сейфуллин, 10 үй.

17. Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Алғабас ауылы, Садвакасов көшесі, 5 «А» үй мекенжайы бойынша орналасқан «Ақмола облысы білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімі Алғабас ауылының негізгі орта мектебі» КММ (БСН 021240004665) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап, екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Жақсы ауылы, Абай көшесі, 33б, тел. 87163579077.

21. «Интеравтосервис» ЖШС (БСН 000540004981) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, И.Тайманов көшесі, 2а, тел.87756451105.

22. «Көбейхан» ЖШС (БСН 220140027149) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Шиелі кенті, Ш.Қазантаева көшесі, 2-ші тұйығы, 7 үй.

23. «G.S.Kwang Sung (Джи.Эс.Гванг Сонг)» ЖШС (БСН 051040014171) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Жароков көшесі, 150В үй, 8 офис, тел. 87018086000.

24. «Достық 8» мүлік меншік иелерінің бірлестігі БСН 231140012224 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Бурабай кенті, Окжетпес ауылы, Достық көшесі 8.

25. «МАХАХ» ЖШС БСН 171040015886 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Шортанбай ауылы, Жеңістің 40 Жылдығы, 34 үй, тел.8 (775) 160-29-89.

26. Ақмола облысы әкімдігінің 02.07.2024 жылғы № А-7/316 қаулысына сәйкес «Ақмола облысы білім басқармасының Аққөл ауданы бойынша білім бөлімі Құрылыс ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 011040002832) таратылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде Қазақстан Республикасы, 020100, Ақмола облысы, Аққөл ауданы, Аққөл қаласы, Талғат Бегелдинов көшесі, 10, «Ақмола облысы білім басқармасының Аққөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі мекенжайы бойынша қабылданады, байланыс телефондары: 8 (71638) 55233, 8 (71638) 55254, 87712847117.

## МҰРАГЕРЛІК

14. 2024 жылдың 20 мамырында қайтыс болған Жусупов Бимагамбет Калтаевичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат, тел. 87022334499.

15. 2024 жылдың 1 ақпанында қайтыс болған Скендіров Тағайбек Алматұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат, тел. 87022334499.

## ӘРТҮРЛІ

**3. Келесі жылжымайтын мүлікті сату бойынша соттан тыс сауда-саттық өткізіледі:**
1) сауда-саттыққа шығарылатын жылжымайтын мүліктің атауы және сипаттамасы: жалпы ауданы 0,8588 га жер учаскесі, кадастрлық нөмірі 20-317-107-1182, жер санаты: елді мекендердің (қалалардың, кенттердің және ауылдық елді мекендердің) нысаналық мақсаты: сауда үйі мен қоймаларды орналастыру үшін;
2) жылжымайтын мүліктің нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, «Қайрат» шағын ауданы, 304-учаскісі;
3) сауда-саттыққа қатысушының кепілдік жарнасының сомасы: 50 195 760 теңге;
4) сатудың бастапқы бағасы: 1 003 915 215 теңге;
5) сауда-саттықтың әдістері: бағаны көтеру, өзгерту қадамы 50 195 760 теңге;
6) сатып алу бағасын төлеу тәртібі мен мерзімі: сауда-саттық өткізілген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде;
7) Сауда-саттықты өткізу уақыты мен орны: 9 сағат 00 минут 6 тамыз 2024 жыл, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 52/2 үй, 6 қабат, 612 кеңсе;
8) сауда-саттықты өткізетін сенімді адамның аты-жөні және тұрғылықты жері, телефон нөмірі және төлем деректері: Турунов Торун Рамазанұлы, тұрғылықты жері: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Корчагин көшесі, 15-үй,
тел. 87017700777, ЖСН 980601300046, ЖСК KZ 256010002039862831 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, БСК HSBKKZKX.

**4. Келесі жылжымайтын мүлікті сату бойынша соттан тыс сауда-саттық өткізіледі:**
1) сауда-саттыққа шығарылатын жылжымайтын мүліктің атауы және сипаттамасы: жалпы ауданы 5,7281 га жер учаскесі, кадастрлық нөмірі 20-317-107-1337, жер санаты: елді мекендердің (қалалардың, кенттердің және ауылдық елді мекендердің) нысаналық мақсаты: жеке тұрғын үй құрылысын салу;
2) жылжымайтын мүліктің нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, «Қайрат» шағын ауданы, 300-учаскісі;
3) сауда-саттыққа қатысушының кепілдік жарнасының сомасы: 336 164 260 теңге;
4) сатудың бастапқы бағасы: 6 723 285 201 теңге;
5) сауда-саттықтың әдістері: бағаны көтеру, өзгерту қадамы 336 164 260 теңге;
6) сатып алу бағасын төлеу тәртібі мен мерзімі: сауда-саттық өткізілген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде;
7) Сауда-саттықты өткізу уақыты мен орны: 12 сағат 00 минут 6 тамыз 2024 жыл, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 52/2 үй, 6 қабат, 612 кеңсе;
8) сауда-саттықты өткізетін сенімді адамның аты-жөні және тұрғылықты жері, телефон нөмірі және төлем деректері: Турунов Торун Рамазанұлы, тұрғылықты жері: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Корчагин көшесі, 15-үй,
тел. 87017700777, ЖСН 980601300046, ЖСК KZ 256010002039862831 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, БСК HSBKKZKX.

**5. Келесі жылжымайтын мүлікті сату бойынша соттан тыс сауда-саттық өткізіледі:**
1) сауда-саттыққа шығарылатын жылжымайтын мүліктің атауы және сипаттамасы: жалпы ауданы 3,0843 га жер учаскесі, кадастрлық нөмірі 20-317-107-1338, жер санаты: елді мекендердің (қалалардың, кенттердің және ауылдық елді мекендердің) нысаналық мақсаты: жеке тұрғын үй құрылысын салу;
2) жылжымайтын мүліктің нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, «Қайрат» шағын ауданы, 300-учаскісі;
3) сауда-саттыққа қатысушының кепілдік жарнасының сомасы: 181 007 913 теңге;
4) сатудың бастапқы бағасы: 3 620 158 263 теңге;
5) сауда-саттықтың әдістері: бағаны көтеру, өзгерту қадамы 181 007 913 теңге;
6) сатып алу бағасын төлеу тәртібі мен мерзімі: сауда-саттық өткізілген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде;
7) Сауда-саттықты өткізу уақыты мен орны: 10 сағат 00 минут 6 тамыз 2024 жыл, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 52/2 үй, 6 қабат, 612 кеңсе;
8) сауда-саттықты өткізетін сенімді адамның аты-жөні және тұрғылықты жері, телефон нөмірі және төлем деректері: Турунов Торун Рамазанұлы, тұрғылықты жері: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Корчагин көшесі, 15-үй,
тел. 87017700777, ЖСН 980601300046, ЖСК KZ 256010002039862831 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, БСК HSBKKZKX.

**6. Келесі жылжымайтын мүлікті сату бойынша соттан тыс сауда-саттық өткізіледі:**
1) сауда-саттыққа шығарылатын жылжымайтын мүліктің атауы және сипаттамасы: жалпы ауданы 5,5540 га жер учаскесі, кадастрлық нөмірі 20-317-107-1342, жер санаты: елді мекендердің (қалалардың, кенттердің және ауылдық елді мекендердің) нысаналық мақсаты: жеке тұрғын үй құрылысын салу;
2) жылжымайтын мүліктің нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, «Қайрат» шағын ауданы, 300-учаскісі;
3) сауда-саттыққа қатысушының кепілдік жарнасының сомасы: 325 946 876 теңге;
4) сатудың бастапқы бағасы: 6 518 937 520 теңге;
5) сауда-саттықтың әдістері: бағаны көтеру, өзгерту қадамы 325 946 876 теңге;
6) сатып алу бағасын төлеу тәртібі мен мерзімі: сауда-саттық өткізілген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде;
7) Сауда-саттықты өткізу уақыты мен орны: 11 сағат 30 минут 6 тамыз 2024 жыл, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 52/2 үй, 6 қабат, 612 кеңсе;
8) сауда-саттықты өткізетін сенімді адамның аты-жөні және тұрғылықты жері, телефон нөмірі және төлем деректері: Турунов Торун Рамазанұлы, тұрғылықты жері: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Корчагин көшесі, 15-үй,
тел. 87017700777, ЖСН 980601300046, ЖСК KZ 256010002039862831 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, БСК HSBKKZKX.

**7. Келесі жылжымайтын мүлікті сату бойынша соттан тыс сауда-саттық өткізіледі:**
1) сауда-саттыққа шығарылатын жылжымайтын мүліктің атауы және сипаттамасы: жалпы ауданы 3,6478 га жер учаскесі, кадастрлық нөмірі 20-317-107-1339, жер санаты: елді мекендердің (қалалардың, кенттердің және ауылдық елді мекендердің) нысаналық мақсаты: жеке тұрғын үй құрылысын салу;
2) жылжымайтын мүліктің нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, «Қайрат» шағын ауданы, 300-учаскісі;
3) сауда-саттыққа қатысушының кепілдік жарнасының сомасы: 214 077 964 теңге;
4) сатудың бастапқы бағасы: 4 281 559 288 теңге;
5) сауда-саттықтың әдістері: бағаны көтеру, өзгерту қадамы 214 077 964 теңге;
6) сатып алу бағасын төлеу тәртібі мен мерзімі: сауда-саттық өткізілген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде;
7) Сауда-саттықты өткізу уақыты мен орны: 11 сағат 00 минут 6 тамыз 2024 жыл, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 52/2 үй, 6 қабат, 612 кеңсе;
8) сауда-саттықты өткізетін сенімді адамның аты-жөні және тұрғылықты жері, телефон нөмірі және төлем деректері: Турунов Торун Рамазанұлы, тұрғылықты жері: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Корчагин көшесі, 15-үй,
тел. 87017700777, ЖСН 980601300046, ЖСК KZ 256010002039862831 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, БСК HSBKKZKX.

**8. Келесі жылжымайтын мүлікті сату бойынша соттан тыс сауда-саттық өткізіледі:**
1) сауда-саттыққа шығарылатын жылжымайтын мүліктің атауы және сипаттамасы: жалпы ауданы 3,0983 га жер учаскесі, кадастрлық нөмірі 20-317-107-1340, жер санаты: елді мекендердің (қалалардың, кенттердің және ауылдық елді мекендердің) нысаналық мақсаты: жеке тұрғын үй құрылысын салу;
2) жылжымайтын мүліктің нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, «Қайрат» шағын ауданы, 300-учаскісі;
3) сауда-саттыққа қатысушының кепілдік жарнасының сомасы: 181 829 529 теңге;
4) сатудың бастапқы бағасы: 3 636 590 586 теңге;
5) сауда-саттықтың әдістері: бағаны көтеру, өзгерту қадамы 181 829 529теңге;
6) сатып алу бағасын төлеу тәртібі мен мерзімі: сауда-саттық өткізілген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде;
7) Сауда-саттықты өткізу уақыты мен орны: 10 сағат 30 минут 6 тамыз 2024 жыл, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 52/2 үй, 6 қабат, 612 кеңсе;
8) сауда-саттықты өткізетін сенімді адамның аты-жөні және тұрғылықты жері, телефон нөмірі және төлем деректері: Турунов Торун Рамазанұлы, тұрғылықты жері: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Корчагин көшесі, 15-үй,
тел. 87017700777, ЖСН 980601300046, ЖСК KZ 256010002039862831 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, БСК HSBKKZKX.

**9. Келесі жылжымайтын мүлікті сату бойынша соттан тыс сауда-саттық өткізіледі:**
1) сауда-саттыққа шығарылатын жылжымайтын мүліктің атауы және сипаттамасы: жалпы ауданы 2,9401 га жер учаскесі, кадастрлық нөмірі 20-317-107-1343, жер санаты: елді мекендердің (қалалардың, кенттердің және ауылдық елді мекендердің) нысаналық мақсаты: жеке тұрғын үй құрылысын салу;
2) жылжымайтын мүліктің нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, «Қайрат» шағын ауданы, 300-учаскісі;
3) сауда-саттыққа қатысушының кепілдік жарнасының сомасы: 172 545 266 теңге;
4) сатудың бастапқы бағасы: 3 450 905 330 теңге;
5) сауда-саттық әдісі: бағаны көтеру, өзгерту қадамы 172 545 266 теңге;
6) сатып алу бағасын төлеу тәртібі мен мерзімі: сауда-саттық өткізілген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде;
7) Сауда-саттықты өткізу уақыты мен орны: 9 сағат 30 минут 6 тамыз 2024 жыл, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 52/2 үй, 6 қабат, 612 кеңсе;
8) сауда-саттықты өткізетін сенімді адамның аты-жөні және тұрғылықты жері, телефон нөмірі және төлем деректері: Турунов Торун Рамазанұлы, тұрғылықты жері: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Корчагин көшесі, 15-үй,
тел. 87017700777, ЖСН 980601300046, ЖСК KZ 256010002039862831 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, БСК HSBKKZKX.

12. «Уральскдорстрой» Акционерлік қоғамы 2024 жылдың 23 тамызда сағат 15:00 Акционерлердің кезекті жылдық ортақ жиналысын жариялайды.
Жиналыс мекенжайы: Орал қаласы, промзона Желаево, 25.
Күн тәртібі: 1. 2023 жылға «Уральскдорстрой» АҚ-ның қаржы-экономикалық есебін, бухгалтерлік балансын, аудиторлық есепті бекіту.
Кворум жиналмаған жағдайда, жиналыстың қайталану мерзімі мене уақыты: 24 тамыз 2024 жыл, сағат 15:00-де көрсетілген мекенжай бойынша.

16. Шығыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2024 жылғы 16 шілдедегі қаулысымен «Катонқарағай ПДУ» ЖШС-не (БСН 010640001388) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы шешім қабылданды.
Мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы,
Самара тас жолы, 3/2.

19. «Argus» заң агенттігі» ЖШС (БСН 071240000725) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады:
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 107А, н.п. 17.

20. Қызылорда облысының МАЭС-нің 2024 жылғы 19 шілдедегі № 4360-24-3-1/1889 ұйғарымымен ҚР, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Абай Құнанбаев даңғылы, 31 ғимаратында орналасқан «QAZBILIM QYZYLORDA ұлттық лицейі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, БСН 230540023291, оңалту рәсімін қолдану бойынша іс қозғалды. Барлық сұрақтар бойынша 87021571765 нөміріне Артықов Түгелбайға хабарласыңыздар.

## КӨҢІЛ АЙТУ



Алматы қаласы «Заң» колледжінің ұжымы колледждің құрылтайшысы және бас директоры Жазыбаев Дулат Мусабаұлының кенеттен өмірден өтуіне байланысты отбасына, балалары мен немерелеріне, туған-туыстарына, қайғыларына ортақтаса отырып көңіл айтады.
Дулат Мусабаұлы саналы өмірінде халқына адал қызмет еткен азамат. Ол Қазақтың мемлекеттік С.М. Киров атындағы университеті тамамдаған соң көптеген жылдар бойы Алматы облыстық прокуратурасында, содан кейін аталған университеттің заң факультетінде, ал соңғы 30 жылда өзі ашқан Алматы қаласындағы «Заң» колледжінде еңбек етіп келді. Адал, жігерлі, үнемі ұжымның қамын ойлаған қамқор басшы еді. Халқына еткен ерен еңбектері еленбей қалған жоқ, өмірінде мемлекет тарапынан талай алғыстар және медальдармен марапатталды.
Марқұмның жаны жаннатта, иманы саламат, топырағы торқа болғай! Әр уақытта жарқын бейнеңіз әріптестеріңіздің жадында сақталады.

ӨЗГЕРІСТЕРДЕН ҚОРҒАЛҒАН